

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Абай қара сөзіндегі адамгершілік тәрбиесі

ЖАРИЯЛАНДЫ
04.12.2023СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/147472/>

Ұлы дала туғызған бірегей тұлға – Абай Құнанбайұлы. Дана Абайдың мол мұраларының ішінде шоқтығы биік, ерек мұрасы – қара сөздері. Белгілі ғалым Құлмат Өмірәлиев: «Абай қарасөздерінде адамгершілік тақырыбы жан-жақты, шынайы ашылады», – деп Абайдың адамгершілік, ізгілік тәрбиесін арқау еткен қара сөздеріне шынайы баға берген.

Толғауы тоқсан қызыл тіл,

Сөйлеймін десең өзің біл, – деп дана Абай айтқандай, ұлы ойшылдың қара сөздеріндегі адамгершілік тәрбиесіне қатысты ойымды саралап жеткізіп көрейін.

Адамгершілік – әрбір адам бойындағы ең ізгі қасиеттердің жиыны. Абай Құнанбайұлы адамгершілік мәселесін жиырмадан астам қара сөзінде көтереді. Хакім Абайдың «Төртінші», «Сегізінші», «Он бесінші», «Он төртінші», «Он жетінші», «Жиырма үшінші», «Жиырма төртінші», «Жиырма алтыншы», «Жиырма тоғызыншы», «Отыз алтыншы», «Қырық екінші», «Қырық төртінші» қара сөздері адамзат баласы үшін өзекті мәселеге арналған. Ұлы Абай қара сөздерінде адамзат баласын адамгершілікке үндеу арқылы адам мінезін тәрбиелеуді ұлы мұрат етті деп пайымдаймын. Абай бұл өмірді тиісті дәрежесінде, яки адамгершілік нормасында өткізуді қажет деп санайды. Ойымның дәлелі ретінде Абайдың «Төртінші қара сөзінде»: «Адам баласы жылап туады, кейіп өледі. Екі ортада, бұ дүниенің рахатының қайда екенін білмей, бірін-бірі аңдып, біріне-бірі мақтанып, есіл өмірді ескерусіз, босқа, жарамсыз қылықпен, қор етіп өткізеді де, таусылған күнде бір күндік өмірді бар малына сатып алуға таба алмайды. Қулық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ – өнерсіз иттің ісі» деген ойларын келтіремін. Абай осы қара сөзінің соңын Құдайға сыйына отырып, қайратыңа сүйеніп, бес күндік жалған өмірді еңбекпен өткізуді ғақлия етеді деп ойлаймын.

Абай Құнанбайұлының «Он жетінші» қара сөзіндегі адамгершілік, имандылық, адалдық, парасаттылық, еңбекқорлық, қайырымдылық сияқты ізгі қасиеттер жайындағы ойлары, ақыл, қайрат, жүрек туралы философиялық ой түйінінде баяндалады. Ақыл, қайрат, ғылым үшеуінің сөзі арқылы адамгершілік қасиет керек екенін айтады. Абай

Құнанбайұлы адамның адамгершілік қасиеттерін жаман мінез-құлықтармен салыстырады. Абай «Жиырма екінші» қара сөзінде: «Есті кісіні тауып құрметтейін десең, әділет, ұят, нысапқа есті кісі елде жоқ. Құлық, сұмдық, арамдық, амалға елдің бәрі есті» дей келе, ел билеуші адамдардың адамгершіліктен тыс мінездерін сынап, «әділет», «ұят», «нысапты» кісінің елде жоқ екеніне көңілі құлазыды деп ойлаймын. Дана Абай осылайша адамгершілікке жат, оны бұзатын нәрселер: алтыбақан – алауыздық, қастық, араздық, күншілдік, қиянатшылдық, құрмет білместік, надандық, әсіресе, адамның адамды тонауы, т.б. ұнамсыз мінездерді сынау арқылы оқырманын адамгершілікке тәрбиелегісі келді деп ой түйемін.

Менің пайымдауымша, Абай адам баласы үшін ең қажет нәрсе – талап деп біледі. Абайдың «Отыз екінші» қара сөзінде талаптың алты шартын талдап түсіндіру арқылы адамгершілік тәрбиесінің нұрын себеді. Абайдың адамгершілік тәрбиесіне арналған қара сөздерінің бірі – «Отыз сегізінші» қара сөзі. Абай осы қара сөзінде ғылым басқа есеп емес, адамның бас қасиеті өсуі үшін, арлы, мінезді толық мағыналы адам болуы үшін қызмет етсін дейді. Адамгершілік тәрбиенің негізі саналатын ынсап, ұят, әділетті адамзат баласы Абайдың қара сөздерін оқып, пайымдау арқылы санасына түйсе деп ойлаймын. Ойымның дәлелі ретінде «Отыз сегізінші» қара сөзіндегі: «Бәлки ғәдаләт барша ізгіліктің анасы дүр. Ынсап, ұят – бұл ғәдаләттен шығады. Ол һәмма жақсылықтың басы емес пе?» деген ойларын келтіремін. Абай осы қара сөзінде толық адам қандай болу керектігін жазады.

«Көп сөйлем, аз айт бірер түйірін, Бір сөзбен шеш түмен сөздің түйінін» деп Ж.Баласағұн айтпақшы, мен эсседе ойшыл Абайдың қара сөздеріндегі адамгершілік тәрбиесінің тегін ағытып, түйінін түйдім деп ойлаймын. М.Мырзахметов: «Ойшыл ақын Абай «Қара сөздерінде» нағыз кемел адам болудың жолдарын көрсетіп, оған қол жеткізудің жолдарын танытады. Кемел адам шам сияқты, өзі жанып түгесілсе де, басқаларға жарық шашып кетеді. Абайдың өзі – кемел адамның нақ үлгісі» деген екен. Абайдың қара сөздеріндегі адамгершілік тәрбиесіне қатысты ойлары бүгінгі таңда маңызды деп ойлаймын.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.